БЕКІТЕМІН
«Кәрім Мыңбаев атындағы №59
мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
директоры _____ Г.Султанова
«09» 09 2026 ж.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Мектеп пен ата-аналар, қоғам өкілдері арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ықпал ету, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету, білім беру ұйымының қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және мектептің дамуына қоғамдық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жүйелі ұйымдастыру;
- мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланысты нығайту;
- әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсетуге ықпал ету;
- білім алушылардың қауіпсіздігі мен құқықтарының сақталуына қоғамдық қолдау көрсету;
- қайырымдылық және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысу;
- мектептің оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізу;
- мектеп қызметінің ашықтығы мен қоғаммен өзара байланысын қамтамасыз ету.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Өткізу нысаны
1	Қамқоршылық кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мектеп әкімшілігі	Кеңес отырысы
2	Қамқоршылық кеңесінің құрамын нақтылау, мүшелердің міндеттері мен жұмыс бағыттарын белгілеу	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы	Ұйымдастыру отырысы
3	«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру	Тамыз–қыркүйек	Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Акция, қайырымдылық шарасы
4	Әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан білім алушылардың жағдайын зерделеу және қажетті қолдау шараларын қарастыру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, Қамқоршылық кеңесі	Мониторинг

5	Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және мектеп асханасындағы тамақтану сапасына қоғамдық бақылау жүргізуге қатысу	Тоқсан сайын	Қамқоршылық кеңесі, мектеп әкімшілігі	Мониторинг
6	Мектептегі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, білім алушылар арасында буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық пен құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерін қарастыру	Қазан	Қамқоршылық кеңесі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Дөңгелек үстел
7	Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша қажеттіліктерді зерделеу және ұсыныстар енгізу	Қараша	Қамқоршылық кеңесі, мектеп әкімшілігі	Талдау, ұсыныстар
8	Аз қамтылған және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларына қысқы кезеңде көмек көрсету мәселесін қарастыру	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік педагог	Қайырымдылық шарасы
9	«Жаңа жыл – жаңа үміт» қайырымдылық шарасын ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсету	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңесі, мектеп әкімшілігі, ата-аналар қауымдастығы	Қайырымдылық акциясы
10	І жартыжылдықтағы Қамқоршылық кеңесі жұмысының қорытындысын қарастыру	Қаңтар	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы	Кеңес отырысы
11	Білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу	Ақпан	Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог	Кездесу, талқылау
12	Ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп отбасылық құндылықтарды насихаттау және мектеп–ата-ана ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған іс-шараларға қатысу	Наурыз	Қамқоршылық кеңесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Кездесу, іс-шара
13	«Наурыз – қайырымдылық айы» аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету	Наурыз	Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік педагог	Қайырымдылық акциясы

14	Мектеп аумағын абаттандыру, көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларға қатысу	Сәуір	Қамқоршылық кеңесі, мектеп ұжымы, ата-аналар	Экологиялық акция
15	Жазғы демалыс кезеңінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және әлеуметтік осал санаттағы балалардың жазғы демалыспен қамтылуына ықпал ету	Сәуір–мамыр	Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік педагог, мектеп әкімшілігі	Ұсыныстар, мониторинг
16	9 және 11-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық барысы және мектеп бітірушілерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарымен танысу	Мамыр	Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңесі, педагог-кәсіби бағдар беруші	Ақпараттық кездесу
17	Мектептегі тәрбие жұмыстары мен оқушылардың қоғамдық, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуын қолдау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Қолдау шаралары
18	Қайырымдылық көмектердің мақсатты және ашық ұйымдастырылуына қоғамдық бақылау жасау	Қажеттілігіне қарай	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелері	Қоғамдық бақылау
19	Ата-аналардан, педагогтерден және қоғам өкілдерінен түскен ұсыныстарды қарастыру, мектеп қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесі	Қабылдау, талқылау
20	Қамқоршылық кеңесінің 2026–2027 оқу жылында атқарған жұмыстары бойынша қорытынды есепті қарастыру	Мамыр–маусым	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы	Қорытынды отырыс
21	2027–2028 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	Маусым	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері	Ұсыныстар әзірлеу